



## ҮКІМЕТ ЕСЕБІ ЖАРИЯЛАНДЫ

2-БЕТ



## СЕРІКТЕСТІК МҮМКІНДІКТЕРІ

3-БЕТ



## ЖАҢА ДӘУІР КӨЛІКТЕРІ

8-БЕТ

## МЕГАПОЛИС



# САИН ҰЗАРҒАН САЙЫН

## кептеліс азая түсті

**Алматыда Саин көшесін ұзарту учаскесінде көлік қозғалысы ашылды. Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен Саин көшесін Рысқұлов даңғылынан Мөңке би көшесіне дейін ұзарту жобасы бойынша көлік қозғалысы техникалық түрде пайдалануға берілді. Жаңа учаскенің ұзындығы – 3,2 км.**

Жобаны жүзеге асыру 2018 жылы басталған болатын. Жер телімдерін сатып алу жұмыстарының аяқталуына қарай кезең-кезеңімен жүргізілді. Соңғы жер телімі 2025 жылы қазан айында босатылды. Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы өкілдерінің мәліметінше, 20 мамырға жоспарланған қозғалысты ашу ауа райының қолайсыздығына байланысты кейінге шегерілді. Қолайсыз ауа райы 110 кВ электр беру желісін көшіру жұмыстарын кешеуілдеткен.

Қазіргі уақытта жол бойында асфальтбетон жабынының төменгі қаба-

ты төселді. Негізгі құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталғаннан кейін асфальттың жоғарғы қабаты төселеді. Сондай-ақ, учаскеде қосалқы жолдарды, жүргіншілер жолдарын, велосипед жолдарын салу және оған іргелес аумақтарды көркейту жұмыстары жүріп жатыр.

– Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталғанға дейін бұл учаскеде жылдамдық шегі 40 км/сағ болып белгіленді. Жүргізушілер жол белгілерінің талаптарын және жол қозғалысы ережелерін

қатаң сақтауға тиіс, – деп түсіндірді басқарма өкілдері.

Еске салайық, бұған дейін Саин көшесінің Мөңке би көшесінен қала шекарасына дейінгі бөлігі Саин көшесінің Рысқұлов даңғылынан жоғары қарай кететін учаскесінен бөлініп жатты. «Саялы», «Саялы-2» және өзге де шағынаудандардан қаланың орталығына қарай жүретін жүргізушілер Момышұлы көшесімен айналуға мәжбүр болатын. Енді жаңа жол учаскесінің ашылуы Алатау ауданы мен қала орталығы арасында көлік қозғалысын жеңілдетіп қана қоймай, Момышұлы көшесіне түсетін жүктемені азайтты. Алдағы жоспар бойынша Саин көшесі алдымен Үлкен Алматы автомобиль айналыс жолына, кейін Астанаға апаратын республикалық жолға жалғануы мүмкін. Бұл мәселе қазір пысықталып жатыр.

**Досбол АТАЖАН.**

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



9 772223 237006 >

# ҮКІМЕТ ЕСЕБІ ЖАРИЯЛАНДЫ

## Көктемгі егіс науқаны қалай аяқталды?



бойынша күріштің егіс алқабы 20,2 мың гектарға қысқартылған. Сондай-ақ, тамшылатып суару технологиясы енгізілген мақта алқаптары 29,8 мың гектарға ұлғайтылды.

Егіншілерді қаржымен қамтамасыз ету жүйесінде де жағымды өзгеріс бар. Мысалы, Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумында берген тапсырмасына сәйкес, Үкімет тарапынан егіс науқандарын ерте қаржыландыру тетігі енгізілді. 2026 жылғы көктемгі дала жұмыстарына өтінімдер қабылдау бұған дейінгіден ерте, яғни 2025 жылдың қазан айында басталды. Бұл егіншілерге ертеңгі күнге сенімділік беріп, алдағы егіс маусымына алдын ала қамдануға мүмкіндік береді.

### Халықты баға толғандырады

Халықты егіс алқабының көлемі емес, бірінші кезекте өнімнің бағасы толғандырады. Алайда, баға мәселесі тек Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәселесі емес. Өнімдердің бағасына макроэкономикалық өзге де факторлар әсер етеді. Әсіресе, инфляциялық көңіл күй, салық жүйесін атап өткен жөн.

Десе де, Ауыл шаруашылығы министрлігіне тиесілі мәселелер де баршылық. Мұндай мәселелерді Мемлекет басшысы да жиі көтереді. Мысалы, кейбір өнімдердің егіс алқабы өте аз. Бұл тиісінше өнімнің бағасына әсер етеді. Егіс алқабы әртараптанғанымен, әр өсімдік шаруашылығы өнімінің үлесі біркелкі емес. Дәнді дақылдардың үлесі көп. Алайда, көкөніс, картоп, бақша және қант қызылшасы егілетін алқап өте аз. Сондықтан баға тұрақты болмайды. Осыған орай Үкімет пен жергілікті әкімдіктер бағаны ұстап тұру, шаруаларға қолдау көрсетудің қосымша тетіктерін енгізіп келеді.

Статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, биыл мамыр айында өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда, өсімдік шаруашылығының өнімдеріне баға өскен. Өсім 7,5% құраған. Алайда, баға өскенімен, елдегі ресми инфляциядан екі еседі төмен екенін ескерген жөн. Яғни өзге тауарлармен салыстырғанда өсімдік шаруашылығы өнімдерінің бағасы ойға қорықарлық.

**Пердехан ШӘМШИЕВ,**  
сарапшы.

Дереккөз: Akorda.kz  
Дереккөз: Primeminister.kz

**Азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі болып саналады. Сондықтан мемлекет ішкі сұранысты қамтамасыз етуге бар күш-жігерін салуға тырысады. Мұнда негізгі жауапкершілігі ел Үкіметіне жүктелген. 8 маусымда ҚР Үкіметі көктемгі егіс науқаны аяқталғаны туралы хабарлады. Ресми ақпаратқа сүйенсек, биыл Қазақстан бойынша егіс алқабы 23,8 млн. гектарды құраған. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 180 мың гектарға артық. Алайда, жетістіктермен бірге мәселелер де болады. Осыған орай, мақалада Үкіметтің есебін өсімдік шаруашылығындағы баға индексін ұштастыра отырып талдау жасалмақ.**

### Айрықша мән берілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығының дамуына ерекше мән беріп келеді. Жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған жолдауларында, Үкіметтің кеңейтілген отырыстарында, Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумында осы саланың жетістіктерімен бірге түйткілді мәселелерін көтереді.

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумы 2024 жылы 15 қарашада өтті. Жиында Президент ауыл шаруашылығын қаржыландыру жүйесін реттеуді, АӨК-ні индустрияландыру, ғылыммен байланысты арттыру, техникалық қамтамасыз ету, жаңа технологияларды енгізу секілді мәселелерді көтерген еді.

Екінші форумда да ауыл шаруашылығын дамытуды көздейтін өзекті мәселелерді көтерді. 2025 жылы 14 қарашада өткен жиында мал шаруашылығын дамыту, жерді тиімді пайдалану, су үнемдеу технологияларын енгізу, АӨК-ні цифрландыру, терең өңделген өнім шығару және оларды экспорттау бастамаларын жариялады.

Президенттің көтерген бастамалары еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан да Үкіметтің күні кеше жариялаған есебі мұқият назар аударуға тұрарлық.

### Үш маңызды бағыт

Жоғарыда атап өткеніміздей, биылғы егіс алқабы 23,8 млн. гектарды құрады. Оның құрылымы әртараптанған.

Бұл біздің басты басымдығымыз болып саналады. Ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша жүргізілген егіс жұмыстарының құрылымы келесідей:

- дәнді дақылдар – 14,6 млн. гектар (61%);
- майлы дақылдар – 4,2 млн. гектар (18%);
- мал азықтық дақылдары – 1,2 млн. гектар (5%);
- мақта – 166 мың гектар (0,7%);
- көкөніс дақылдары – 120 мың гектар (0,5%);

- картоп – 126 мың гектар (0,5%);
- бақша дақылдары – 84 мың гектар (0,4%);
- қант қызылшасы – 22 мың гектар (0,02%).

Биыл су үнемдеу мәселесі де Үкіметтің ерекше назарында болды. Әсіресе, ылғалды талап ететін оңтүстік өңірлердегі дақылдарға аса мән берілді. Осыған орай су пайдаланудың нақты теңгерімі негізге алынып, егіс құрылымы су ресурстарын пайдалану лимиттеріне қатаң сәйкестікте бекітілді. Бұл лимиттерге сәйкес, ел

## «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН»

# Жаңа заңнама – жаңа мүмкіндік

**Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай жұмыс сапары аясында Алматы қаласына келіп, Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің студенттерімен кездесті.**

Кездесудің негізгі мақсаты – жуырда қабылданған мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңнамадағы өзгерістерді түсіндіру, жастарға қызметке кірудің жеңілдетілген жолдары мен мансаптық өсу перспективаларын таныстыру.

Дархан Жазықбай жаңа заңның басты идеясы – «адамға бағдарланған



енді аудандық және облыстық маңызы бар қалалардағы мемлекеттік қызметке конкурстық тестілеуден өтпей-ақ, тікелей тағайындалу құқығына ие болды. Бұл – еліне және халыққа шынайы қызмет етемін деген жас мамандардың төменгі лауазымнан бастап, өз білімі мен қабілетін көрсете отырып, біртіндеп мансап сатысымен көтерілуіне берілген үлкен сенім, – деді Дархан Жазықбай.

Сонымен қатар, кездесу барысында мемлекеттік қызметтегі кадрлық резерв жобалары, жас мамандарға арналған қолдау іс-шаралары және кәсіби дамудың жолдары да кеңінен талқыланды.

Өз кезегінде «Satbayev University» ректоры Мейрам Бегентаев жоғары оқу орындарының міндеті тек білікті маман даярлау ғана емес, елге адал қызмет ететін жауапты азамат тәрбиелеу екенін айтты.

– Бүгін аудиторияда отырған жастардың біразы ертеңгі күні еліміздің болашағын айқындайтын шешімдер қабылдайтын тұлғаларға айналатыны сөзсіз. Сондықтан бүгінгі кездесудің мәні ерекше – бұл мемлекеттік қызметтің мәнін, оған қойылатын талаптар мен қызметтік әдеп қағидаларын түсіндіретін шынайы ашық әңгіме алаңы болды, – деді Мейрам Бегентаев.

**Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.**

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ

сервистік мемлекеттік аппаратты қалыптастыру» екенін атап өтті.

– Жаңа заңда мемлекет жастарға үлкен жол ашып отыр. Ең басты жаңалықтың бірі – оқу орындарын жоғары үлгеріммен (ГПА көрсеткішімен) бітірген тұлғалар

# СЕРІКТЕСТІК МҮМКІНДІКТЕРІ

## Шаһар басшысы OpenAI компаниясының өкілдерімен кездесті



**Алматы қаласының әкімі OpenAI компаниясымен жасанды интеллект пен қаланы цифрлық трансформациялау мәселесін талқылады.**

Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды OpenAI компаниясының өкілдерімен кездесіп, жасанды интеллект, білім беру жүйесін цифрландыру, маман даярлау және қаланың технологиялық экожүйесін дамыту бағытындағы серіктестік мүмкіндіктерін талқылады. OpenAI делегациясының құрамында компанияның Еуропа, Таяу Шығыс және Африка өңірлері бойынша білім беру бағытының жетекшісі Карлотта Ревильо, «Елдерге арналған білім беру» халықаралық бағытының жетекшісі Вале-

ри Фокке, EMEA және APAC өңірлеріндегі білім беру және мемлекеттік сектор бойынша Solutions Engineering бағытының жетекшісі Шаиг Абдурагимов, «Экономикалық ықпал және өзара іс-қимыл» бағытының жетекшісі Рейчел Браун, Silkroad Innovation Hub бас директоры Әсет Әбдуәлиев және Bilim Group компаниясының ChatGPT Edu жобасының жетекшісі Мағжан Аманғазы болды.

Кездесу барысында Дархан Сатыбалды Алматының еліміздегі ең ірі технологиялық әрі білім беру орталығы екенін атап өтті. Оның айтуынша, қалада жетекші жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар, технологиялық компаниялар мен стартаптар шоғырланған. Сондай-ақ, қала цифрлық экономиканы жүйелі түрде дамытып, әлемдік озық технологияны тартуға мүдделі екені айтылды.

Тараптар Қазақстандағы ChatGPT Edu жобасын іске асыру мәселесіне ерекше назар аударды. Бүгінде Алматы бұл платформаны білім беру ұйымдарына енгізу бойынша көшбасшы қалалардың бірі саналады. Жобаға қазірдің өзінде 500-ден астам білім беру ұйымы қосылып, белсендірілген лицензиялар саны 5 мыңнан асты. Сонымен қатар, Алматыдағы жасанды интеллект экожүйесін дамыту мәселесі сөз болды. Дархан Сатыбалды жалпы аумағы 75 мың шаршы метрден асатын Almaty AI Park жобасын жүзеге асыру жоспарымен бөлісті. Жобаның алғашқы кезеңінде технологиялық компанияларды, стартаптарды, зерттеу орталықтары мен білім беру ұйымдарын біріктіретін Almaty AI Hub іске қосылады.

Бұған қоса, бірлескен білім беру және ғылыми-зерттеу бағдарламаларын әзірлеу,

AI-зертханаларын ашу, хакатондар өткізу, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің, оқытушылар мен студенттердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын іске асыру мүмкіндіктері қарастырылды. Стартаптарды қолдау және жасанды интеллект негізіндегі шешімдерді қалалық экономиканың түрлі салаларына енгізу жайы да талқыланды. Соңында тараптар жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайын екендерін растады. OpenAI өкілдерінің сапары Қазақстанның білім беру жүйесіне жасанды интеллект технологиясын енгізуге бағытталған ұлттық жоба аясында жүзеге асуда. Аталған бастама аясында еліміз бойынша 165 мың педагог ChatGPT Edu платформасына қол жеткізеді.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

## ӨНЕР ТІЛІНДЕГІ ӨМІР

**«Жан-Сая» дағдарыс орталығы «Көрінбейтін сезімдердің кеңістігі» атты ерекше әлеуметтік арт-жоба ұсынды.**



Бұл іс-шара орталықтың 9 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылып, түрлі қиындықты өткерген 9 әйел-ананың өмірінен сыр шертілді. Олардың ішінде Қазақстан азаматтарымен қатар, тағдыр тәлкегіне ұшырап, қолдауға мұқтаж болған шетелдік әйелдер де бар. Бірінің хикаясы екіншісінен өзгеше болғанымен, оларды біріктіретін ортақ тілек – қауіпсіздік, жан тыныштығы және өмірді жаңа парақтан бастауға деген ұмтылыс.

«Жан-Сая» дағдарыс орталығының арт-директоры Жасұлан Мамбеткерейдің айтуынша, бұл іс-шараны ұйымдастырудағы бас-ты мақсат осы.

– Тоғыз әйелдің алтауы кезінде орталыққа көмек сұрап келген. Үшеуі әлі де бізде тұрып жатыр. Қоғамда мұндай мәселенің бар екені белгілі, сондықтан оны өнердің тілі арқылы жеткізгіміз келді. Бұл әйелдердің тағдыры, жан қиналысы арқылы олардың өмірден баз кешіп кетпеу керектігін, жақсы күндерге деген сенім жоғалмауы керек, – дейді ол.

Жобаның ең әсерлі бөлігі – суретшілердің шығармашылық жұмысы. Олар әйелдердің әңгімелерін тыңдай отырып, сол сәтте туған сезімдерін, толқуларды, қуаныш пен жеңісті кескіндеме бетіне бірден түсіріп отырды. Әрбір туынды жараның жазылуы, жан-ның жаңғыруы, өмірге деген сенімнің қайта оянуының нақты бейнесі болып шықты. Өнер тілі де 9 жыл ішінде мыңдаған адамның өмірінде жақсы өзгеріс болғанын, олардың қайтадан толыққанды өмірге оралғанын жеткізе білді.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

## «ЖАСЫЛ ЕЛ» ІСКЕ КІРІСТІ



спорттық іс-шараларға да тартылады.

– Жобаның басты мақсаты – жастарды жаз мезгілінде жұмыспен қамту. Сонымен қатар, олардың қалаға деген жауапкершілігін арттырып, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыру. Осы арқылы жастар алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтап, жаңа достар тауып, командада жұмыс істеуді үйренеді, – дейді ол.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, еңбек маусымы барысында жасақ мүшелері қала аумағын абаттандыруға, көгалдандыру жұмыстарына және экологиялық бастамаларға қатысады. Бұл жастардың бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қоғамдық белсенділігін арттыруға да ықпал етеді.

Сонымен қатар, іс-шара барысында жастарға арналған концерттік бағдарлама ұсынылды. Жиналғандар еңбек маусымының басталуын мерекелік көңіл күймен қарсы алды.

Айта кетейік, «Жасыл ел» бағдарламасы елімізде бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келеді.

Аяжан ҚУАНЫШОВА.  
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

**Қалада «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының XXII еңбек маусымы ресми ашылды.**

Салтанатты іс-шараға студенттер, еріктілер, жастар ұйымдарының өкілдері мен қоғам белсенділері қатысты. Жоба жетекшісі Ердаулет Жүнісбектің айтуынша, «Жасыл ел» тек көше тазалау немесе ағаш отырғызумен шектелмейді. Бағдарлама аясында жастар түрлі экологиялық акцияларға қатысып, тренингтер мен

# ЖАСТАР – БАСТЫ КАПИТАЛ

**Таңғы сағат тоғыз. Алматының индустриялық аймағындағы өндіріс орындарының бірі әдеттегідей жұмысын бастап кеткен. Жас маман Айдос Нұрланұлы бір жыл бұрын университет қабырғасынан түлеп ұшқан. Бүгінде ол өндірістік желілердің жұмысын бақылайтын инженер ретінде еңбек етеді.**

– Студент кезімде тұрақты жұмыс табу қиын болады деп ойлайтынмын. Бірақ өндіріс орындары көбейіп, жастарға арналған бағдарламалар іске қосылғаннан кейін өз мамандығым бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі артты. Қазір тәжірибе жинап, кәсіби дамуыма жағдай жасалып жатыр, – дейді ол.

Айдос – Алматыдағы 712 мың жастың бірі ғана. Кейінгі уақытта мегаполисте жастарды жұмыспен қамту, ғылым мен инновацияға тарту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ал бұл өзгерістердің артында қаланың қарқынды дамып келе жатқан экономикасы тұр. Сондықтан болар, жастарды қолдау әлеуметтік саясаттың ғана емес, экономикалық дамудың да маңызды бағытына айналған.

Қалалық Жастар саясаты басқармасының мәліметінше, 2025 жылы 24,4 мыңнан астам жас жұмыспен қамтылған. Оның ішінде 12 мыңнан астам адам оқыту курстарынан өтіп, 7,2 мыңы тұрақты жұмыс тапқан. Нәтижесінде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,1 пайызға дейін төмендеді. Ал оқымайтын және жұмыс істемейтін NEET санатындағы жастардың үлесі 6,4 пайыздан 4,9 пайызға дейін қысқарған. Бұл көзартарлық көрсеткіштер кездейсоқ пайда болған жоқ. Қалада жаңа өндірістер ашылып, инвестициялық жобалар іске қосылып жатыр. Соның арқасында еңбек нарығында білікті мамандарға сұраныс артып келеді.

Мәселен, 2026 жылдың алғашқы бес айында Алматыдағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 931,3 миллиард теңгеге жетті. Бұл былтырғы кезеңмен салыстырғанда, 27,8 пайызға жоғары көрсеткіш. Сарапшылар мұны кейінгі жылдардағы ең қарқынды өсімдердің бірі ретінде бағалайды.

Өсімнің басты драйвері – өңдеу өнеркәсібі. Бес айда бұл сектордың өндіріс көлемі 743,2 миллиард теңге болып, 32,1 пайызға артқан. Яғни қаладағы әрбір бесінші емес, төртінші емес, жалпы өнеркәсіп өнімінің шамамен, 80 пайызы дәл осы өңдеу саласына тиесілі.

Бүгінде шаһарымызда тамақ өнеркәсібі, химия өндірісі, құрылыс материалдарын шығару, машина жасау және жеңіл өнеркәсіп салалары қарқынды даму үстінде. Аталған кәсіпорындар өнім өндіріп қана қоймай, мыңдаған адамды жұмыспен қамтып отыр.

Ал экономиканың нақты секторындағы



өзгерістерді Алматы индустриялық аймағынан анық көруге болады. Жалпы аумағы 695 гектар болатын өндірістік алаңда қазір 151 компания өз жобаларын жүзеге асырып жатыр. Жобалар толық іске қосылған кезде мұнда 21,8 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылмақ.

Өнеркәсіптік инфрақұрылымның дамуы шағын және орта бизнеске де оң әсер етуде. Қалада жалпы аумағы 95 мың шаршы метр болатын 23 шағын өнеркәсіптік парк жұмыс істейді. Қазірдің өзінде бұл алаңдарда 2400-ге жуық адам еңбек етеді. Кәсіпкерлер үшін дайын өндірістік алаңдардың болуы жаңа жобаларды тез іске қосуға мүмкіндік беруде.

Алматы экономикасының тағы бір ерекшелігі – инновациялар орталығына айналып келе жатқаны. Қазір «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында 178 компания жұмыс істейді. Мұнда бағдарламалық қамтамасыз ету әзірлеу, цифрлық сервистер жасау, деректерді өңдеу және IT-инфрақұрылым саласындағы жобалар жүзеге асырылуда.

Арнайы экономикалық аймақта қазіргі уақытта 24 жаңа жоба іске асырылып жатыр. Олар аяқталған соң тағы мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланған. Бұл еңбек нарығында техникалық және цифрлық дағдыларға ие жастарға сұраныстың арта түсетінін көрсетеді.

Экономиканың жаңа бағыттары ғылымның дамуын да талап етеді. Сондықтан Алматыда жастар ғылымына ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстанда алғаш рет әкімдік деңгейінде ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру тетігі енгізіліп, 10 жобаға 348 миллион теңге бөлінді. Қаржыландырылатын зерттеулер экология, жасанды интеллект, энергетика, денсаулық сақтау, қалалық инфрақұрылым және цифрландыру бағыттарын қамтиды.

Биылғы мамыр айының өзінде еліміздің түрлі өңірлеріндегі жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарынан 228 өтінім түскен. Бұл жастардың ғылым мен технология саласына қызығушылығы артып келе жатқанын көрсетеді.

Алматыдағы қазіргі даму моделінің ерекшелігі – өндіріс, технология және ада-

ми капиталдың қатар дамуы. Бір жағынан жаңа зауыттар, өндірістік парктер мен IT-компаниялар ашылып жатса, екінші жағынан сол салаларға қажетті кадрларды даярлау жүйесі қалыптасып келеді. Сондықтан Алматыдағы жастар саясаты әлеуметтік қолдау шараларымен ғана шектелмейді. Ол қаланың экономикалық стратегиясының маңызды бөлігіне айналған. Жастардың білім алуы, жұмысқа орналасуы, ғылыммен айналысуы мен кәсіпкерлікке келуі мегаполистің болашақтағы бәсекеге қабілеттілігін айқындайды.

Айдос секілді жас мамандардың өндірістегі алғашқы еңбек күні мен зертханадағы жас ғалымдардың жаңа жобалары бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені, бүгінгі Алматы экономикасының басты капиталы – жастар. Ал жастардың табысы қаланың дамуына, қаланың дамуы олардың болашағына қызмет етіп отыр.

**Дана САДЫРҚАН.**


Инфографиканы жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

## Тұтынушы, құқығыңды біл!

**Интернет арқылы сатып алу, сапасыз жөнделген пәтер, жасырын төлемдер, ақауы бар тауар үшін сатушылардың ақшаны қайтарудан бас тартуы, міне, тұтынушылар тарапынан түсетін арыз-шағымдар көбіне осы бағытта.**

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Қазақстан тұтынушыларының ұлттық лигасы» ӨҚБ президентінің орынбасары Василий Романовскийдің айтуынша, тұтынушылар құқығын қорғау бүгінде құқықтық реттеудің ең өзекті салаларының бірі болып отыр. Өтініштердің едәуір бөлігі үй жөндеу, құрылыс қызметтеріне қатысты. Мәселен, көп жағдайда азаматтар жеке бригадалармен ауызша келісіп алып, ал соңында жұмыс сапасыз атқарылған болса, ақшасын қайтарып ала алмай жүреді екен.

Спикер жолаушылар мен туристердің құқығын қорғау мәселесіне де тоқталды.




«Егер әуе рейсі тасымалдаушының кінәсінен кешіктірілсе немесе тоқтатылса, жолаушылар күту уақытына қарай тамақтануға, сусындарға, қонақүйге және трансферге құқылы. Ұшу уақыты айтарлықтай өзгерген жағдайда да өтемақы мен келтірілген шығынның орнын толтыруды талап етуге болады. Егер тур оператордың немесе турагенттің бас-тамасымен тоқтатылса, тұтынушы төлеген қаражатын толық қайтарып алуға құқылы», – деді Василий Романовский.

Сарапшылар тұтынушылар тарапынан да құқығын теріс пайдалану жағдайларының жиілеп бара жатқанын айтады. Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының бөлім басшысы Еркебұлан Бейімбеттің айтуынша, кәсіпкерлердің де құқығы тапталмауы керек.

Мәселен, кейбір сатып алушылар арасында бренд дүкендерден сатып алған киімінің жапсырмасын алмай пайдаланады да, сол бір-екі киген көйлегін 14 күн ішінде сатушыға қайтарып беретін жағдайлар кездесетін көрінеді. Бұдан бөлек, маркетплейстер мен жеткізу қызметтері арқылы жұмыс істейтін кәсіпкерлер де елеулі тәуекелдерге тап болады. Кей жағдайларда тауарды кері жеткізу шығындары оның өз құнынан да асып түседі.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ақауы немесе кемшілігі жоқ жағдайда тоқыма бұйымдары, іш киімдер, дәрілік заттар, азық-түлік өнімдері, косметика және жеке гигиена құралдары қайтып алынбайды.



«Егер тұтынушы тауарды тек түсі, үлгісі немесе бұйымның жекелеген элементтері ұнамағандықтан қайтарғысы келсе, кәсіпкер оны қабылдаудан бас тартуға құқылы. Сатып алушы тауарды сатып алмас бұрын көрді және сатып алу туралы шешімді өзі қабылдады», – деп түсіндірді бұл жайды Еркебұлан Бейімбет.

**Нұржамал ӘЛІШ.**

– Анау бала менің крашым ғой.

– Рил ма?

– Иә, вайбы күшті екен.

**Автобуста келе жатқан екі жасөспірімнің осылай әрбіген өзара әңгімесін құлағым шалды. Олардың кей сөздері былайғы жұртқа түсініксіз болуы мүмкін, әрі мұндай үрдісті өзіңіз де жиі байқап жүрген боларсыз.**

**Бұдан төрт-бес жыл бұрын мұндай сөздер ауызекі тілде жиі қолданыла бермейтін. Бүгінде «краш», «вайб», «рил», «имба» және тағы басқа да осыған ұқсас сөздер жастардың күнделікті сөздік қорынан орын алып үлгерді. Сленг сөздер деп аталатын бұл үрдісті әсіресе, TikTok, Instagram Reels және YouTube shorts сияқты әлеуметтік желілер бұрын-соңды болмаған қарқынмен таратып жатыр.**



# СЛЕНГ СҮРЛЕУІ

немесе «краш», «вайб», «рил» деп сөйлейтін буын келді...

Жалпы, сленг сөздер дегеніміз – әдеби тілден ерекшеленетін сөздер мен тіркестердің жиынтығы. Ол көбіне ойды эмоциялы, тез және қызықты жеткізу үшін қолданылатын сөздер.

– Бастапқыда мағынасын білмейтін жаңа сөздер бәрімізге тосын болады, бірақ аз уақыттан кейін оның группаластарымыздың ортасында кең қолданылып жүргенін көреміз. Тіпті, кейде қазақша баламасын білсек те, сленгті қолдану оңайырақ, жеңіл секілді көрінеді. Студенттер мұндай сөздерді оңай қабылдап кетіп жатады, – дейді алматылық студент Саяжан Жәнібек.

## Тілдік тренд қайдан шықты?

Бұл үрдіс Қазақстанға ғана тән емес екен. Әлемдік зерттеулер жастар тілінің әлеуметтік желілер ықпалымен бұрынғыдан әлдеқайда жылдам өзгеретінін көрсетті. Ғалымдардың пікірінше, сленг сөздердің мағынасы тұрақты сөздерге қарағанда жиірек өзгеріп, қолданылу жиілігі күрт ауытқып отырады. Бүгінде жастар арасында жаңа сөздердің негізгі таралу алаңы – әлеуметтік желі. Ресми зерттеулерге сәйкес, жастардың шамамен, 66-67 пайызы әлеуметтік желіні тұрақты қолданады. Бұл ортада ең танымал платформа-

лар қатарында WhatsApp (89,4%), Instagram (79,8%) және TikTok (63,9%) көш бастап тұр.

Нәтижесінде әлеуметтік желілер тек байланыс құралы ғана емес, жастардың тілдік дағдысы мен мәдени талғамына әсер ететін маңызды ортаға айналып отыр. Сонымен қатар, Қазақстанда TikTok аудиториясы өте үлкен. DataReportal дерегіне сәйкес, 2025 жылдың соңында Қазақстанда TikTok-тың 18 жастан асқан аудиториясы шамамен, 16,9 миллион адамға жеткен. Бұл еліміздегі интернет қолданушылардың басым бөлігін қамтиды. Зерттеулерге қарағанда, TikTok аудиториясының негізгі бөлігін 18–34 жас аралығындағы жастар құрайды. Бұл жас санаты платформаның барлық аудиториясының шамамен, үштен екі бөлігінен астамы қамтиды. Тіл мамандары мұны кездейсоқ құбылыс деп есептемейді. Бұрын жаңа сөздер әдебиет, музыка немесе теледидар арқылы тараса, қазір бірнеше секундтық видеолар тілдік трендтердің негізгі көзіне айналған.

Мәселен, ағылшын тіліндегі crush сөзі жастар арасында ұнатып жүрген адамды білдіретін «краш» нұсқасында орнықты. Vibe сөзінен шыққан «вайб» адамның көңіл күйін немесе атмосфераны сипаттайды. Ал «рил» сөзі ағылшынның real сөзінен

туындап, «расында», «шын айтып тұрсың ба?» деген мағынада қолданыста. 18 жастағы Жанат Қуаныш үшін әлеуметтік желідегі жаңа сөздерді түсіну қиын емес.

– Кейде достарыммен сөйлесу барысында жаңа сөздердің мағынасын түсінбей қаламын. Бірақ TikTok-та бірнеше видео көрген соң бәрі түсінікті болады. Қызығы, ата-анам кейде кейбір сөздерді мүлдем түсінбейді. Біз екі түрлі тілде сөйлеп жүргендей әсер қалдырады, – дейді ол.

Шынында да, қазіргі жастардың коммуникациясы бұрынғы буыннан ерекшеленеді. Олар тек сөздерді ғана емес, эмодзилерді, мемдерді, қысқартуларды және визуалды белгілерді де қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланады. Яғни жастар жаңа сөздерді тек ақпарат жеткізу үшін емес, өз ортасын айқындау үшін де қолданады.

## Қазақ тілі ұтылып жатыр ма?

Жаңа сөздердің көбеюі қоғамда алаңдаушылық туғызбай қоймайды. Кейбір ата-аналар мен ұстаздар жастардың тілі шұбарланып бара жатқанын айтады. Тіл мамандардың пікірінше, мәселені біржақты бағалауға болмайды. Мәселен, қазақ тілі маманы Мадина Үтешова сленг немесе жастардың жаңа сөздерді

қолдануы тілдің әлсірегенін білдірмейді деп санайды:

– Керісінше, бұл кез келген тірі тілге тән табиғи құбылыс. Әр дәуірдің жастары өз ортасына тән сөздерді қалыптастырып отырған. Бүгінгі ерекшелік – бұл процестің әлеуметтік желілер арқылы өте жылдам жүруінде. Алайда, мәселенің екінші жағы – қазіргі жастардың күнделікті қолданысындағы көптеген сленг сөздер ағылшын немесе орыс тілінен тікелей алынып жатуы. Егер мұндай сөздер әдеби тілдің орнын басып, ресми қарым-қатынасқа да ене бастаса, онда ана тіліміздің сөздік қорының белсенді қолданылу аясы тарылуы мүмкін. Сондықтан жастардың сленг қолдануына түбегейлі қарсы болудың қажеті жоқ, бірақ оның қолданылу аясын ажырата білу маңызды, – дейді тіл маманы.

Оның ойынша достар арасындағы бейресми әңгімеде сленг сөздерді қолдану қалыпты жағдай болса, білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары немесе ресми құжаттарда әдеби тіл нормалары сақталуы тиіс. Бұл тіл мәдениетін қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі. Бұған қоса тіл маманы әлеуметтік желілерді қазақ тіліне қауіп ретінде ғана қарастыру дұрыс еместігін де айта кетті. Кейінгі жылдары жүргізілген социолінгвистикалық зерттеулер жастар тілінде сленг, жаргон және аралас тілдік құрылымдардың расымен де көбейгенін көрсетеді.

Алайда, тіл тарихына қарасақ, әр кезеңнің өз сленгі болған. Кеңес дәуірінде жастар арасында орыс тілінен енген бейресми сөздер кең қолданылды. Тәуелсіздік жылдарының алғашқы кезеңінде ағылшын сөздері ене бастады. Ал қазіргі цифрлық дәуірде бұл процесс әлдеқайда жылдам жүріп жатыр. Кез келген тірі сыртқы әсерлерді қабылдай отырып дамиды. Сондықтан жаңа сөздердің пайда болуы – табиғи құбылыс.

Ойымызды түіңдер шақта «болашақта жастар қалай сөйлейді?» деген сұраққа жауап іздеп көрдік. Алдағы жылдары жастар тілі одан әрі өзгертінсіз сөзсіз. Себебі, жасанды интеллект, қысқа видеолар және жаһандық мәдени ықпал жаңа сөздердің пайда болуын жеделдетеді. Бүгін танымал болған көптеген сленг сөздер бірнеше жылдан кейін ұмытылады. Оның орнына жаңа трендтер келеді. Бұл – тілдің қалыпты эволюциясы.

Алайда, бір нәрсе өзгермейді: жастар әрдайым өз буынының ерекшелігін көрсететін жаңа сөздер ойлап табады. Кеше «крутой» деген сөз сәнде болса, бүгін «имба» трендте деген секілді. Ертең оның орнын тағы басқа сөз басады. Ал ұлт тілі оның мәдениетінде, ғылымында, әдебиеті мен өнерінде сақталып, дами береді.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

**Байрақты бәсекелерде Көк Туымызды желбіреткен чемпиондарымыздың есімі Қазақстан спорт тарихында айрықша аталады. Сол саңлақтардың қанатын қатайтып, үлкен спортқа жолдама берген қасиетті білім ордаларының бірі – К.Ахметов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі. Өзінің алпыс жылдан астам тарихында бұл оқу орны талай таланттың тұсауын кесіп, Қазақстанның спорттық даңқын асқақтатқан чемпиондар ұстаханасына айналды.**

Оқу орнының шежіресі 1965 жылдан басталады. Спорттық бағыттағы №8 жалпы білім беретін мектеп-интернат ретінде іргетасы қаланған оқу ордасы уақыт талабына сай бірнеше мәрте жаңғырып, дамудың жаңа белестерін бағындырып келді. 1989 жылы №2 олимпиада резерві училищесі мәртебесін иеленсе, Тәуелсіздіктен кейін, 1994 жылы оған көрнекті спорт қайраткері Каркен Ахметовтың есімі беріліп, жаңа тарихи кезеңге қадам басты. 1998 жылдан бастап республикалық мамандандырылған мектеп-интернат ретінде жұмысын жалғастырған оқу орны жас спортшыларды тәрбиелеудің бірегей орталығына айналды. Ал 2012 жылы оның базасында олимпиада резерві колледжінің ашылуы кәсіби спортшылар даярлаудың жаңа дәуірін бастады. Бүгінде К.Ахметов атындағы мектеп-интернат-колледжі еліміздің ең беделді спорттық білім ошақтарының бірі ретінде танылып отыр. Алпыс жылдық тарих – жеңістер мен жетістіктерге толы тағылымды жол. Осы уақыт

## ЧЕМПИОНДАР ТҮЛЕГЕН ТҰҒЫР



аралығында оқу орнынан 5000-нан астам түлек түлеп ұшты. Олардың қатарында 20 еңбек сіңірген спорт шебері, 200-ден астам халықаралық дәрежедегі спорт шебері және 600-ден астам спорт шебері бар. Бұл – оқу орнының Қазақстан спортының дамуына қосқан өлшеусіз үлесінің айқын дәлелі.

Мектеп-интернат-колледждің ең үлкен мақтанышы – оның түлектері мен чемпиондары. Әр жылдары мұнда Олимпиада ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері Анатолий Быков, Владимир Резниченко, Александр Парыгин, Сергей Котенко, Елдос Сметов сынды спорт саңлақтары тәрбиеленді. Олардың жарқын жеңістері қазақ спортының алтын қорына енді. Сонымен қатар, Олимпиада ойындары мен халықаралық жарыстардың жүлдегерлері Софья Великая, Асхат Жіткеев және Денис Тен

де осы білім ордасымен тығыз байланысты. Әлем чемпионаттарының жеңіс тұғырына көтерілген 50 спортшының дәл осы мектепте білім алып, спорттық шеберлігін шыңдауы – оқу орнының кәсіби деңгейі мен жоғары әлеуетінің көрсеткіші.

Бүгінде бұл білім ордасы өткеннің даңқымен ғана емес, қазіргі жетістіктерімен де мақтана алады. Жыл сайын оның тәрбиеленушілері халықаралық және республикалық жарыстарда мыңға жуық медаль жеңіп алып, Қазақстан спортының мерейін үстем етуде.

2026 жылдың алғашқы айларының өзінде мектеп спортшылары Азия чемпионаттары мен кубоктарында, Әлем кубогы кезеңдерінде және Қазақстан чемпионаттарында жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Велоспорттан Азия чемпионатында Ташбай Анель бірнеше бағдарлама бойынша алтын медаль жеңіп алып, құрлық додасының жарқын жұлдызына айналды. Командалық және жеке сайыстарда да велошабандоздар жүлделі орындарға ие болып, ұлттық құраманың қоржынына маңызды ұпайлар салды.

Әртістік жүзу спортында да оқу орны тәрбиеленушілерінің жетістігі айрықша. Әлем кубогы кезеңдерінде Друзин Виктор, Ким Эдуард, Столбунова Валерия, Исламова Ясмينا және өзге де спортшылар бірнеше бағдарлама бойынша жеңіс тұғырынан көрінді. Жасөспірімдер арасындағы әлемдік және құрлықтық жарыстарда да мектеп шәкірттері жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Дзюдодан

Жылқайдар Мұхаммедәлі әлем чемпионатының жүлдегері атанса, еркін күрестен Асамбек Бекасыл мен Абдықасым Данаел халықаралық додаларда ел намысын абыроймен қорғады.

Азия ойындарында Асамбек Бекасыл еркін күрестен, Нұрбекен Әділжан дзюдодан, Ташбай Анель, Третьяков Данил және Ерік Ринат велоспорттан чемпион атанды. Ерғалиев Аслан мен Тәңірберген Шыңғысхан күміс жүлдеге ие болса, Ағабек Бағдаулет пен Наров Нұртай қола медаль жеңіп алды. Ал Румынский Александр жүзуден алтын, күміс және қола медальдарды қанжығасына байлап, жан-жақты шеберлігін дәлелдеді. Қазақстан чемпионаттарында да оқу орны тәрбиеленушілері спорттық гимнастика, семсерлесу, дзюдо, велоспорт, еркін күрес және басқа да спорт түрлерінен ондаған алтын, күміс және қола медаль жеңіп алып, өздерінің жоғары дайындық деңгейін көрсетуде.

Әрбір медальдың, әрбір жеңістің артында табанды еңбек, үздіксіз жаттығу, тәжірибелі бапкерлердің білімі мен шәкірттердің қайсар бапкерсіз жатыр. К.Ахметов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі дәл осы қасиеттерді жас спортшылардың бойына сіңіріп, оларды жеңіске жетелейтін өмір мектебіне айналды. Даңқты тарих пен жарқын жетістіктер тоғысқан бұл білім ордасы алдағы уақытта да Қазақстан спортының жаңа жұлдыздарын тәрбиелеп, халықаралық ареналарда ел абыройын асқақтататын чемпиондарды даярлай беретіні сөзсіз.

Гүлім РЫСБЕК, спорт әдіскері.

# КҮЙ ҚАРШЫҒАСЫ



Сурет: Құрманғазы оркестрінің ресми сайты.

**Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің сахнасында күйші-домбырашы, талантты композитор Қаршыға Ахмедияровты еске алуға арналған концерт өтті. Мерекелік бағдарлама 2010 жылы өмірден өткен күйшінің туғанына 80 жыл толуына орай ұйымдастырылды.**

Дәулескер күйші Қаршыға Ахмедияров қазақтың күйшілік мектебінің дәстүрін жалғастырып, оны жаңа шығармашылық деңгейге көтерді. Ол – «Құрманғазы», «Абай толғауы», «Нарын», «Атамекен», «Ақжайық», «Атырау», «Шамғон Ақжелен», «Би», «Қуаныш», «Күй ұран» сияқты елуден астам күйдің авторы. Сондай-ақ, ол қазақ күй өнерінің алтын қорын байытқан «Шашақты найза, шалқар күй» және

«Атырау» атты күй жинақтарын жарыққа шығарды. Өнердегі ерен еңбегі үшін күйшіге 1982 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы, 1992 жылы «Қазақстанның Халық әртісі» құрметті атағы берілді.

Қаршыға Ахмедияров 1974 жылдан бастап Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында дәріс беріп, ұлттық өнердің талай тарландарын тәрбиеледі.

Еске алу кешінде күйшінің танымал туындылары орындалды. Ерболат Ахмедияров, Дина Хамзина, Сәлімгерей Садықов, Асылбек Жорабеков сияқты белгілі музыканттар мен өнер майталмандары өнер көрсетті.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің бас дирижері Абылай Төлепберген кеш басында сөз сөйлеп: «Қаршыға Ахмедияров – ұлы музыкант. Ол қазақ музыкасын дәріптеуге, ұлттық дәстүрді сақтауға, оның ішінде біздің ұжымның жұмысына өлшеусіз үлес қосты. 1988 жылдан бастап Құрманғазы атындағы оркестрде дирижер, солист, домбырашылар тобының концертмейстері болып қызмет атқарды. Бүгінгі кеште ұжым үшін оның шығармаларын орындау – үлкен мәртебе», – деді.

Сахнаға музыканттың жары Нұрбике Ахмедиярова шығып, жұбайының ұлттық музыканы сақтауға қосқан еңбегін ұмытпай, бұл өнерді ары қарай дамытып жүрген жиналған қауымға алғысын білдірді. Кештің тағы бір құрметті қонағы – Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлқенов те сөз сөйлеп, Қаршыға Ахмедияровтың қазақ халқының жанын өте нәзік сезінгенін және бұл қасиет оның әрбір туындысынан көрініс тапқанын ерекше атап өтті.

Халық әртісі, күйші Қаршыға Ахмедияров 50-ге жуық күй жазған. Көпшілік арасында өнер иесіне күй Қаршығасы, саңлақ күйші, күй аспанының Қаршығасы күйшісі деген атаулар берілген. Бүгінде Қаршыға Ахмедияров орындаған 500-ден астам күй радио, телевизия мұрағатында сақтаулы.

Айтулы кеште оркестр мен әншілердің орындауында композитордың ең таңдаулы шығармалары күмбірлеп, көрерменге рухани азық сыйлады.

**Нұржамал ӘЛІШ.**

## АЛМАТЫ ӘУЕНІ

**Абай алаңында қала әкімдігінің Ақолдауымен The Spirit of Tengri заманауи этникалық музыка фестивалі өтті.**

The Spirit of Tengri – жыл сайын мыңдаған көрермен жиналатын Орталық Азиядағы ең ірі музыкалық ашық аспан астындағы фестивальдердің бірі. Ол 13 жыл бойы жыл сайын мыңдаған көрерменнің басын қосып келеді. Іс-шара аясында әлемнің түрлі елінен келген әртістер world music, ethno fusion және заманауи этникалық музыка жанрларында өнер көрсетті. Кештің басты хедлайнері ретінде аңызға айналған Enigma жобасының вокалисі – Эндрю Дональдс болды.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, фестивальге биыл шамамен, 50 мың адам келген. Қонақтар үшін концерттік алаң, Ethno Market қолөнершілер жәрмеңкесі, демалыс аймақтары, фудкорт, интерактивті және арт-кеңістіктер жұмыс істеді.

– Шетелдік фестивальдерге қатысудағы көпжылдық тәжірибеміз біздің төл музыкамызға деген сұраныстың жоғары екенін көрсетті. Біз жаңа таланттарды ашып, Қазақстан мәдениетін музыка мен қолөнер арқылы насихаттап жатқанымызға қуаныштымыз, – деді The Spirit of Tengri фестивалінің бас продюсері Константин Головин.

Фестивальдің ажырамас бөлігіне айналған Ethno Market алаңында 40-тан астам қолөнерші мен шебер сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын, заманауи дизайн үлгілерін, тоқыма және керамика өнімдерін, ұлттық кәдесыйларды көпшілік назарына ұсынды. Фестиваль шағын және

# ҒАСЫРЛАРДЫҢ ЖАҢҒЫРҒАН ҮНІ

**Шаһарда дәстүрлі этно-музыка фестивалі өтті**



орта бизнестің дамуына да серпін беріп, кәсіпкерлерге, қызмет көрсету саласының өкілдеріне және креативті индустрия ма-

мандарына қосымша мүмкіндіктер ұсынды. Ал суретші LAILA ZHARKYN ұсынған «Мәңгілік проекциясы» атты арт-перфор-

манс бағдарламаның ерекше мәдени жаңалығы болды. Қазақстанның көне петроглифтерінен шабыт алған жобаға фестиваль қонақтары да қатысып, мәдени мұра мен ұрпақтар сабақтастығына арналған ортақ көркем туындыны жасауға атсалысты.

Биылғы фестивальдің ең бір жарқын сәті – көне дәуір сарыны мен заманауи электронды музыканы ұштастырған DUANA тобының сахнаға шығуы болды. Бұл ұжымның мүшесі Әнуар Иса өздері таңдаған өнер бағыттың маңызы туралы айтты.

– Этно-стиль біздің ДНҚ-мызда бар, терең сезімдерді оятады. Біздің көне тарихымыз жанымыз пен тәнімізде өмір сүреді. The Spirit of Tengri фестивалінің біз үшін маңызы өте зор. Негізі қаланған сәттен бастап ол этно жанрында өнер көрсетіп жүрген көптеген музыканттарға жол ашып берді. Фестиваль жылдан-жылға әлемнің түкпір-түкпірінен келген адамдардың басын қосып жатқанына қуаныштымыз, – деді ол.

Абай алаңында жиналған көрермен үшін концерттік бағдарламаның шарықтау шегі – Алматы балалар хоры мен Эндрю Дональдстың бірге ән шырқағаны болды. Сондай-ақ, әлемге танымал әнші Нора Нұғманованың ән шырқаған сәті де ерекше әсер қалдырды.

– Мен үшін The Spirit of Tengri – бұл сезімдер мен мәдениет тоғысқан орта. Өзімді Ямайкадағыдай сезіндім. Өйткені, Алматыда да дәл сондай жан-жақты және әлем халықтарының мәдениетін түсінетін әрі бағалайтын адамдардың ашықтығын көрдім, – деген Эндрю Дональдс өз әсерімен бөлісті.

**Досбол АТАЖАН.**

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



# ӘУЕ ШАРЛАР ШЕРУІ

**Қала маңында Qazaqstan International Balloon Festival өтті. Екі күнге созылған ауқымды іс-шара көркем табиғат аясында ерекше атмосфера қалыптастырып, мыңдаған қонаққа ұмытылмас әсер сыйлады. Фестиваль «Гүлнар Бақ» ипподромының аумағында ұйымдастырылды.**

Биылғы фестивальге Қазақстан, Германия, Қырғызстан, Моңғолия, Ресей және Өзбекстаннан келген әуе шарларының ұшқыштары қатысты. Аспанға 30-дан астам түрлі-түсті аэростат көтеріліп, көрермендер таңғы және кешкі жаппай ұшыру рәсімдерін тамашалады. Сонымен қатар, кешкі жарық шоуы, батпырауықтар көрсетілімі және өңірдің көркем табиғаты түсінен еркін ұшу бағдарламалары ұйымдастырылды.

Алматы облысы туризм басқармасының басшысы Қуанышбек Мейрамбекұлының айтуынша, өңірдегі туристер ағыны жыл сайын шамамен, 30 пайызға артып келеді.

Kazakhstan International Balloon Festival, Central Asia Drift Show, Winter Asia Drift Show секілді ауқымды жобалар ішкі және шетелдік туристерді тартуда маңызды рөл атқарады. Фестивальге деген қызығушылық өте жоғары болды, – деді ол.

Қонақтардың жайлылығы үшін Сәтбаев пен Байтұрсынның көшелерінің қиылысынан арнайы трансфер ұйымдастырылды. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, фестивальге 40 мыңнан астам адам қатысып, ол өңірдегі жазғы маусымның ең жарқын туристік әрі мәдени оқиғаларының біріне айналды.

Фестивальдің басты ерекшеліктерінің бірі – әлемнің әр түкпірінен келген тәжірибелі ұшқыштардың қатысуы болды. Қазақстанның намысын елдегі әуе шарлары спортының дамуына үлес қосқан мамандар қорғады. Олардың қатарында Қазақстан Республикасының Әуе шарлары федерациясының президенті Александр Русинов та бар. Ол мемлекеттік Ту түстерімен безендірілген аэростатымен өнер көрсетті.

Көрерменнің ерекше ықыласына ие болған қатысушылардың бірі – Қазақстандағы жалғыз әйел-аэронавт Галина Косякова. Ол 1989 жылдан бері әуе

кеңістігінде ұшып келеді және 1200 сағаттан астам әуе шарларының қорғау ісімен айналысып, жүздеген қаңғыбас жануардың жаңа үй табуына көмектескен.

Қазақстандық жас ұшқыш Юрий Косяков та фестиваль қонақтарының назарын аударды. Ол халықаралық жарыстарға 14 жасынан қатысып келеді. Бүгінде әуе шарлары спортымен қатар қазақстандық киноиндустрияда түстік коррекция саласында еңбек етеді.

Фестивальге сондай-ақ, Орталық Қазақстандағы әуе шарлары қозғалысының негізін қалаушылардың бірі Николай Кобзев, халықаралық фестивальдердің тұрақты қатысушысы Павел Данилюков, талдықорғандық пилот Рахим Қазыбаев және өзге де мамандар қатысты.

Шетелдік қатысушылар арасында Германиядан келген Виктор Гапеев ерекше көзге түсті. Ол экваторды кесіп өтіп, Оңтүстік жарты шардан Солтүстік жарты шарға дейін ұшқан ерекше сапарымен танымал. Қырғызстандық Айбек Адыбаев өз еліндегі әуе шарлары бойынша барлық рекордтардың иегері саналады.

Моңғолия өкілі Ганбаатар Даваацэрэн еліндегі алғашқы әрі әзірге жалғыз жылу

аэростатының пилоты ретінде фестивальдің ерекше қонағы болды. Ресейден келген Артем Денисенко – әуе шарлары спорты бойынша төрт дүркін Ресей чемпионы және халықаралық жарыстардың бірнеше мәрте жеңімпазы. Ал Өзбекстан атынан қатысқан Тахир Салиев, Фаррух Абдуллажанов және Умид Сагдиев те көпжылдық тәжірибелерімен ерекшеленді.

Фестивальдің тарихы 2017 жылдан бастау алады. Алғашқы Qazaqstan International Balloon Festival Алматы қаласындағы Almaty Arena кешенінің артында өтіп, бір күнде 15 әуе шарын таныстырған болатын. Ол кезде іс-шараға 20 мыңнан астам адам қатысты. Ал 2023 жылы Қонаев қаласында өткен екінші фестиваль екі күн ішінде 80 мыңнан астам көрермен жинады. 2024 жылы еліміздегі су тасқынына байланысты төтенше жағдайға байланысты фестиваль өткізілген жоқ.

Осылайша Qazaqstan International Balloon Festival халықаралық авиациялық мәдениетті, отбасылық демалысты және туризмді ұштастыратын бірегей алаң ретінде тағы бір мәрте өзінің маңызын дәлелдеді.

**Дана САДЫРҚАН.**  
Сурет: С.СЕРІКБАЙҰЛЫ.

## АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

**Алматының туристік экспозициясы Сеул қаласында өткен «Seoul International Travel Fair (SITF) – 2026» халықаралық туристік көрмесінде марапатқа ие болды. Аталмыш көрмеде әлемнің 40 елінен келген 423 ұйым өздерінің туристік мүмкіндігін 518 стенд арқылы таныстырған болатын.**



2026 ұйымдастыру комитетінің өкілі Ли Сон Хо келушілердің Алматы экспозициясына жоғары қызығушылық танытқанын атап өтіп:

«Алматы қаласы жыл сайын біздің көрмеге қатысады. Соңғы жылдары Кореяда Қазақстанға туристік бағыт ретінде қызығушылық айтарлықтай артып келеді. Алматы стенді жоғары деңгейде дайындалуымен ерекшеленіп, көрменің ең көп келуші жинаған әрі белсенді алаңдарының біріне айналды», – деді.

Оңтүстік Корея Алматы үшін ең қарқынды дамып келе жатқан туристік нарықтардың бірі. Мәселен, өткен жылы Алматыға бұл елден 23 мыңнан астам турист келді.

**Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.**

# СЕУЛДЕН ЖЕТКЕН СЫЙ





гейіне көшу жағы жоспарланған. Сонымен қатар, роботаксидің қарапайым такси құнына қарағанда айырмашылығының бары әзірге белгісіз.

Сондай-ақ, аталған жобаның Алматы қаласында жүзеге асырылуына байланысты қалалық Цифрландыру басқармасына сауал жолдадық. Оған ведомство басшысының орынбасары Мейрам Дүйсеков жауап берді.

– Алматы қаласының әкімдігі «Яндекс» компаниясымен бірлесіп, жүргізушісіз көлік саласында пилоттық жобаны іске асыруда. Қазіргі уақытта жобаға дайындық барысында технологияларды бейімдеу және қалалық инфрақұрылымды дайындау бойынша қажетті жұмыстар жүргізілуде. Шешімнің жекелеген элементтері қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мамандардың қатысуымен сынақтан өткізіліп жатыр. Ал бұл қызметті пайдаланушылар үшін іске қосу мерзімі туралы қосымша хабарланатын болады, – деді Алматы қаласы Цифрландыру басқарма-

беріп, қала ішінде жүргізушісіз көлікпен жүре алады. Дегенмен, бұл қызмет қаланы толық қамтымайды. Сервистер технология енгізіліп үлгерген белгілі бір аудандардың шегінде ғана жұмыс істейді. Технология дамыған сайын мұндай аймақтар біртіндеп кеңейе бермек.

Қытай да пилотсыз таксилер іс жүзінде қолданылатын елдердің қатарында. Бұл сервистер Бейжің, Шанхай, Шэньчжэнь және Гуанчжоу сияқты ірі қалаларда қарқынды дамып келеді. Бірақ АҚШ-та секілді бұл қызмет сынақтан өткен нақты аймақтарда ғана қолжетімді. Ал Біріккен Араб Әмірліктерінде пилотсыз таксилер әзірге пилоттық жобалар ретінде сыналып жатыр. Бұл бағыттағы негізгі алаң – Дубай қаласы.

### Әуе такси

Өткен айда еліміздегі тағы бір инновациялық жобалардың бірі – алғашқы әуе такси көрсетілді. Жаңа көлік түрі Алматының іргесінде салынып жатқан Алатау қаласында тестілік режимде ұшырылды. Онда алғашқы вертипорт, яғни әуе таксидің бекеті салынған. Көпшілік назарына ұсынылған әуе көлігінің ұзындығы – 11 метр, биіктігі – 3 метр және қанаттарының ұзындығы – 15 метр. Бір рет қуатталған соң, оның ұшу уақыты 1 сағатқа, ал ұшу қашықтығы 250 шақырымға дейін жетеді. Ал ең жоғары жылдамдығы – сағатына 200 км. Өзі толықтай электр қуатымен жұмыс істейді әрі тігінен ұшып қонады. Көлік ішіне 4-5 жолаушы сияды.

Бұл жоба Алатау қаласында қолға алынғанымен, оның негізгі ұшу бағыттары Алматымен байланысады. Сондықтан оның алматылықтар үшін де маңызы жоғары. Alatau Advanced Air Group компаниясының жобалық менеджері Данияр Тілеулиннің айтуынша, жаңа вертипортты Алматы халықаралық әуежайында салу жоспарланып отыр. Одан кейін Медеу, Шымбұлақ және Тұңғыш Президент саябағы сынды туристік орындар қамтылады. Алдын ала болжам бойынша әуе такси 2028 жылдың соңы немесе 2029 жылдың басында іске қосылады.

Ал Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев аэротакси қызметінің болжамды бағасын айтты.

– Мысалы, жолаушы Алматы әуежайына ұшып келеді. Кептеліс 1,5-2 сағат уақытты алады. Сондықтан әуежай маңына әуе таксиді орналастыру жоспарланып отыр. Бұл ретте адам ұшу уақытын алдын ала брондау керек. Қазіргі таңда бұл шамамен, бір шақырымға 1 доллар көлемінде болса, 15 шақырым үшін жолаушы 15 доллар төлеп, діттеген жеріне тез-ақ жетеді. Бұл бизнес үшін жақсы бәсекелестік тудырады, ал уақыт өте келе баға одан әрі арзандай түседі, – деді вице-премьер.

**Досбол АТАЖАН.**

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

# ЖАҢА ДӘУІР КӨЛІКТЕРІ

## Алматы көшелеріне қашан шығады?

**«Тапсырыспен шақырған көлігім келді. Есігін аштым, ішінде ешкім жоқ. Көлік өздігінен жүріп, ешқандай ереже бұзбай, мені діттеген жеріме апарды. Қолма-қол ақша берсем, қайтарымы табылмай, майдалау үшін дүкенге жүгірмедім. Жолақы автоматты түрде есепшотымнан алынды». Дәл осындай әңгіме 15-20 жыл бұрын айтылса, ол бір армандай көрінетін еді. Алайда, Алматы үшін бұл енді күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналғалы отыр. Себебі, 2026 жылы мегаполисте жүргізушісіз такси көліктері жүре бастайды.**

Газетіміздің өткен нөмірінде (№49 (6727) 2 маусым, «Алгоритм әлегі») қалада такси құны қалай құбылып, тасымалдау қызметтерінің алгоритмі қалай жұмыс істейтіні туралы жаздық. Енді шаһар көшелеріне шыққалы отырған жаңа жобаның жағдайына тоқталамыз. Биылғы жылдың 4-5 мамыр күндері Алматыда өткен GITEX AI Central Asia & Caucasus Kazakhstan көрмесі кезінде қала тұрғындары мен қонақтарының назарына алғаш рет өздігінен жүретін көлік ұсынылды. Көрмеге қойылған өзге жобаларға қарағанда дәл осы жобаға қызығушылық басым болды. Одан бөлек, әлеуметтік желілерде жарияланған роботаксидің бейнежазбалар да қызу талқыланды. Адамдардың бірі «жаны жоқ техникаға» сенбейтінін айтса, тағы бір «Кептелісте қалай жүреді?» деп болжам жасады. Жалпы, желідегі пікірлердің басым көпшілігінен жүргізуші жоқ көлікке күмәнмен қарайтынын байқауға болады.

«GITEX AI» көрмесінде Яндекс компаниясының пилотсыз технологиялар бағытының өкілі Данил Волков аталған жобаны Қазақстанда іске қосу жұмыстары пысықталып жатқаны жөнінде айтты.

– Біз көліктің мүлдем жүргізушісіз басқарылып, толықтай автономды болуына күш салып жатырмыз. Дегенмен, бұл мәселе әзірге құқықтық талаптарға келіп тіреледі. Біз үшін ең бастысы – қауіпсіздік. Бірақ білудің, осы уақытқа дейін роботаксидің кесірінен ешқандай жол-көлік оқиғасы тіркелген жоқ. Мұндай көлікке өзін де еш алаңсыз отырар едім. Қазіргі уақытта машиналар мен роботтан-дырылған жүйелер күннен-күнге жетіліп келеді, – деді ол.

Бастамашыл компания өкілі пилотсыз таксиге күмәнмен қарайтын адамдарға жауап берді. Оның айтуынша, күтпеген жағдайлар туындаса, көліктің қозғалысын тікелей эфирде бақылап отыратын және қажет болғанда көлікті қашықтан басқара алатын операторлар қарастырылған.

Айта кеткен жөн, жүргізушісіз такси Алматымен қатар Астана мен Қосшы қалаларында сыналып, пилоттық режимде іске қосылады. Жасанды интеллект және



цифрлық даму министрлігінің мәліметінше, пилоттық жоба үш жылға есептелген және кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Алдымен, роботаксидің ішінде жүргізуші болады. Ол көлікті басқармайды, тек жұмысын бақылайды. Бұл автономдықтың L3 деңгейіне сәйкес келеді, яғни қажет болған жағдайда адам басқаруды өз қолына алуға дайын отырады. Кейінірек толықтай қашықтан басқарылатын L4 дең-

сы басшысының орынбасары Мейрам Дүйсеков.

### Әлемдік тәжірибе

Қазір жаһан бойынша пилотсыз таксилерді қолдануда алда – АҚШ тұр. Роботаксилер Сан-Франциско, Лос-Анджелес, Финикс және Остин сияқты бірнеше қалада қолжетімді. Бұл аймақтарда адамдар онлайн-платформа арқылы тапсырыс



# СӘНІ КЕЛІСКЕН СӘУЛЕТ

**Сәулет өнерінің теңдессіз жетістігі мен замана бедерінің байырқалы, беделді бітімін өн бойына тоғытқан бекзада бітімді шаһардың биылғы келбетіне көбі таңдана қарайды.**

Алматының тарихи орталығы саналатын Медеу ауданының ғимараттарында да жүрдек уақыт пен дана дәуірдің реңі бар. Биылғы бір ерекшелік – тіршіліктің мың тарау, сан бағдарлы бояуына малынып, күнге шомыла шұғыла таратып тұрған тұрғын үйлердің қасбеттерін жаңарту жұмыстары да жіті назарға іліккен. Яғни «Қасбеттен қасбетке дейін» бағдарламасы аясында аудан бойынша 50 көпқабатты тұрғын үйдің сыртқы келбеті жаңартылмақ. Қазірдің өзінде бір-қатар ғимаратта реставрациялық жұмыстар жүргізілуде. Медеу ауданы әкімі аппаратының коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы Дамир Данияровтың айтуына қарағанда, жөндеу жұмыстары кездейсоқ не қандай да бір тосын шешімдер негізінде емес, кешенді сараптама нәтижесінде жүзеге асырылатын болады.

Мәселен, алдымен әрбір тұрғын үйдің техникалық ау-жайы зерттеу нысанына айналады. Ілкі кезеңде ғимараттың көтергіш құрылымдары, қабырғалары мен қасбетінің жағдайы тексеріледі. Желге, қарға, тіпті, тосын мінез танытқан табиғат әлегіне шыдас беру дәрежесі, яғни сынсапасы толық бағамдалады. Оң қорытындысы бар шаңырақтарда ғана жобалау және құрылыс жұмыстары басталады.

Мамандардың айтуынша,



техникалық зерттеулерді тәуелсіз ұйымдар жүргізеді. Бұл нысандардың жағдайын, қазіргі күйін, қауіпсіз не қауіпсіз емес екенін объективті түрде бағалауға жол ашады. Бір айта кетерлігі, жоба барысында тарихи және сәулеттік құндылығы жоғары ғимараттарға ерекше көңіл бөлінбек.

Мұндай үйлердің бастапқы келбетін сақтау – негізгі міндеттердің бірі. Соның жарқын мысалы – Нұрсұлтан Назарбаев даңғылындағы 1953 жылы салынған «Теміржолшылар үйі». Бұл ғимараттың сұңғақ сәулеті бар, бірегей бедері бар, элементтері басым әрі тарихи келбеті де ерекше. Сондықтан мұнда толық реставрациялау тәсілі қолданылып жатыр. Ғимараттағы барлық ою-өрнек, сәндік бөлшектер мен архитектуралық элементтердің бастапқы қалпы сақталады. Бедердің бәрі қалпына келтіріледі.

«Әрбір тарихи нысанға жеке көзқарас қажет. Егер үйдің сәулеттік құндылығы болса, оның барлық ерекшелігін сақтауға тырысамыз. Мұндай ғимараттарда реставрация жүргізіледі», – деп ой қосты Дамир Серікұлы.

Ал бір шаңырақ астында көп отбасының тағдырын тоғыстырған үлкен үйлерге басқа тәсіл қолданылады деп жоспарланған. Қарапайым, көрер көзге жылы ұшырар келбеті бар, бірақ уақыт өте келе сыртқы сылағы түсіп, бояуы оңған

үйлердің қасбеттері табиғи әрлеу материалдарының көмегімен жаңартылады. Табиғи материалдардың барлығында «қазақ даласының мөрі» бар. Мұндай нысандардың төменгі бөлігі гранитпен қапталса, жоғарғы қабаттарға еліміздің түкпір-түкпірінен жеткен тастар әр бермек. Сонымен қатар, ғимараттардың келбетін көркейтудің үшін декоративті элементтер де қосылады. Мамандардың айтуынша, мұндай қасбеттің арқасында қала ғимараттары жәй ғана қаптама құрсаңған жансыз нысан болып көрінбейді, қайта Алматының сәулетін сәулелендіре түсіп, көздің жауын алар көрініске бастайды.

Қасбеттерді жаңартуға қолданылатын негізгі материалдардың барлығы өзімізде өндірілген. Табиғи тас пен гранит Ақтау мен Жамбыл облысындағы кәсіпорындардан жеткізілуде.

Бір айта кетерлігі, Алматыдағы қасбеттерді жаңарту барысында әлемдік тәжірибе де зерттелген. Алайда, Алматыны дайын қалыпқа сала отырып абаттандыру жоспарда жоқ. Сәулетшілер де кәдеге жараған материалдардың ұзақ мерзімге сай есептелгенін айтады. Егер қасбеттерге қасақана зақым келтірілмесе, олар ондаған жыл бойы өзінің сапасы мен сыртқы келбетін сақтай алады.

Сайып келгенде, «Қасбеттен қасбетке дейін» бағдарламасы тұрғын үйлердің сыртқы келбетін жаңартып қана қоймайды, бізді өткен шақ пен болашақтың нақты ажарын тануға бағыттайды.

**Дастан ҚАСТАЙ.**  
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



**Қалада төмен эмиссия аймағының (LEZ) пилоттық жобасы аясында жол белгілері мен ақпараттық тақталарын орнату жұмыстары басталды. Осыған орай, атқарылып жатқан жұмыстарды таныстыру мақсатында арнайы баспасөз туры өтті.**

## LEZ

### ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ

#### Алматыда жол белгілері орнатылып жатыр



Пилоттық жобаның негізгі мақсаты – цифрлық инфрақұрылымды сынақтан өткізу, көлік легін есепке алу жүйелерін баптау, сондай-ақ көліктің атмосфералық ауа сапасына әсерін бағалау үшін деректерді жинау және талдау.

Жол белгілері Бөгенбай батыр – Желтоқсан – Абай – Достық көшелерінің аумағындағы пилоттық аймаққа кіреберістерде орналастырылуда. Жоба аясында жалпы саны 134 жол белгісі мен ақпараттық тақта орнату көзделген. Олардың қатарында төмен эмиссия аймағына кіреберісті білдіретін 5.50 экологиялық жол белгілері, аймақтан шығуды көрсететін 5.51 белгілері, сондай-ақ жол қозғалысына қатысушыларға арналған ақпараттық тақталар бар.

Биыл 28 сәуірінен бастап іске қосылған бұл жоба Бөгенбай батыр – Желтоқсан – Абай – Достық көшелерінің шаршысын қамтиды. Қазіргі уақытта жоба тесттік режимде жұмыс істеп жатыр және ол көлік ағынын есепке алудың цифрлық инфрақұрылымын қалыптастыру мен жүргізушілерді құлақтандыруды мақсат етеді.

Жоба үйлестірушісі Дулат Маратовтың айтуынша, бұл бастама қала ауасын ең көп ластайтын негізгі фактор – автокөліктердің зиянды қалдықтарын (көміртек оксиді (CO) мен көмірсутектерді) азайту үшін қолға алынды. Қазіргі таңда аталған шаршы ішінде деректерді жинау, талдау және экожүйені жақсартудың бірыңғай жүйесін құру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

«Пилоттық жоба аясында автокөліктердің қозғалысына ешқандай шектеу қойылмайды. Барлық көлік әдеттегі стандартты режимде қатынай береді. Біздің негізгі мақсатымыз – қазіргі уақытта аймаққа қанша көлік кіретінін және олардың ауаны қаншалықты ластайтынын анықтау үшін мәліметтер жинау», – деді ол.

Мамандар бұл деректерді «Сергек» бейнебақылау камералары жүйесі арқылы жинауда. Камералар көліктердің қозғалысын тіркеп, олардың шыққан жылы, өндіруші елі мен экологиялық көрсеткіштері бойынша анықтауға мүмкіндік береді.

Болашақта жүйені техникалық байқау орталықтарымен де байланыстыру жоспарланып отыр. Ол үшін аталған орталықтарға экопосттардағыдай арнайы газ анализаторларын орнату көзделуде.

Баспасөз туры барысында мамандар аталған шаршы аумағында арнайы жол таңбалары сызылып, ақпараттық құрылымдар орнатылғанын көрсетті.

Еске сала кетейік, техникалық пилоттық кезең 2026 жылы 31 желтоқсанға дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында аймақ аумағындағы көлік қозғалысы қалыпты режимде жүзеге асырылады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

**Еліміздегі тұңғыш жеке-меншік театр кешенін ашқан азамат, «Ақ шолпан» өлеңдер мен әңгімелер жинағының авторы, Ауған соғысының ардагері, белгілі актер Орынбасар ТАЗАБЕКОВ ПЕН сұхбаттасудың сәті түскен еді.**

**– Адам жаратылысының өзі – аса күрделі құбылыс. Әсілінде, шын талант туған жерге, тегіне тартып туа ма, әлде қалыптаса ма?**

– Адам баласы көп жағдайда қанына, тегіне тартатыны да рас. Қандай адамдармен араластың, қандай ортада өстің, алдыңнан қандай ұстаздар мен тәлімгерлер шықты – осының бәрі де адамның азаматтық келбетін айқындайды. Біз жақсы ортада жетілдік, жақсы адамдарға іні болдық. Яғни қан мен тек, туған жер мен



бір кездері театрдан шығып қалатын жағдай да туды. Бірақ мен Ауған соғысының ардагері екенімді алға тартып, өтініш жаза жүріп, театрда қалдым. Сахнадан бөлек, әкімшілік істерге де белсене араласа бастадым.

Ойлап қарасам, Сәбира Майқанова, Бикен Римова, Фарид Шәріпова, Сәбит Оразбаев, Асанәлі Әшімов секілді сахна саңлақтарының көзін көру де тәлейіме бұйырған бақыт екен. «Қобыланды» спектаклінде Серке Қожамқұловпен бірге өнер көрсеттім. Теледидарда Тыныс Өтебаев, Ләскер Сейітов, Мәриям Айымбетова, Сауық Жақанова сынды ғажап жандардың шапағатын көрдім.

Осындай ортада жүру, олардан тәлім алу мені өсірді, байытты.

**– Сахнадағы немесе кинодағы жаныңызға ең жақын рөлдеріңіз туралы айта отырасыңыз?**

**еттіңіз. Оның қолбасшылық қасиеті мен өр тұлғасы сізге қандай әсер қалдырды?**

– Ауғанстан – менің өмірімнің өшпес бір бөлшегі. Әскери десант құрамында атақты «Қара майордың» батальонына (арнайы мақсаттағы 177-отряд) қабылдандық. Ол кезде бізді бастап барған Борис Төкенұлы Керімбаев небәрі 33 жастағы жап-жаз майор еді. 1981 жылы 21 қазанда ауған жеріне кірдік. Керімбаевтың өзі ешқандай қалыпқа тар шеңберге сыймайтын біртуар тұлға еді. Кейбіреулер оны кеңестік жүйенің бұйрығын орындаушы ретінде ғана көретін шығар.

Әрине, ол әскери антқа адал болды. Бірақ ар-ұяттан аттап, намысының жалауын жыққан жерін көрген емеспін. Өте кемеңгер, ойшыл қолбасшы еді. Ең кішкентай әскери операцияның өзін жеті рет өлшеп, бір рет кесіп барып жүзеге асыратын. Расында да, ол жақта азаматтық соғыстан қансырап жатқан бейбіт халықты қорғауға барынша тырыстық. Соғысты бір ғана сұрақтың төңірегінде айтып тауысу мүмкін емес.

**– Дәл қазіргі ақыл тоқтатқан жасыңызда «бақыт» деген ұғымды қалай тәпсірлеуге болады?**

– Жалпы, мен үшін бақыт пен арманның ешқандай қатып қалған стандарты жоқ. Бақыттың өзі сезіне білген, көре білген жанның жұмыр жүрегінде жатыр. Туған табиғаттың сұлулығын тамашалау, таңертең есен-сау ояну, тіпті тіршілік етудің өзі – Тәңірдің берген үлкен бақыты.

**– Сіз бір сұхбатыңызда: «Жүз жерден бай болып, құдай болғаның кімге керек, егер халқың аш-жалаңаш жүрсе...» деген едіңіз...**

– Иә, бұл – менің өмірлік ұстанымым. Сенің Испанияда зәулім сарайың, Дубайда шырқаған өмірің, Нью-Йоркте кеңсең болса да, өз туған-туысың мен халқың таршылық көріп, аш-жалаңаш жүрсе, ондай байлықтың көк тиынға да керегі жоқ. Қазақ «Көппен көрген ұлы той» дейді. Нағыз тұлғаның бақыты – өз халқымен бірге болуында, елге жасаған жақсылығы мен тигізген пайдасында. Оны байбалам салмай-ақ, тасада жүріп-ақ атқаруға болады. Өзімнен артылған дүние болса, ылғи да бөлісуге әзірмін. Жасаған жақсылығымды жаһанға жар салуды құп көрмеймін.

**– Еңбектеріңіз жарық көріп жатыр екен.**

– Жақында ғана Д.Қонаев атындағы университетте менің көп жылғы зерттеуімнің нәтижесі – «Жалайыр қарақалпағы: аңыз бен ақиқат» атты тарихи-танымдық шежіре кітабымның тұсаукесері өтті. Әлі де көрген-түйгенімді кітап қылып, киносценарийіне айналдырып, әңгімелер мен өлеңдер жинағы ретінде келер ұрпаққа аманаттап қалдырсам деймін. Ауғанстанда да болдық қой. Соғыс деген ешқандай жақсылығы жоқ, қатыгез дүние. Осының бәрін келер ұрпаққа айтып кетсем деп соғыс зардабын, соғыстағы көрген-білгенімді арқау етіп сценарий жаздым. Қазір соны үлкен повесть немесе романға ұластырсам деген жоспарым бар.

**– Шығармашылық табыс тілейміз. Еңбегіңіз жана берсін!**

Сұхбаттасқан  
Дастан ҚАСТАЙ

# «ӨНЕРДІ СҮЙГЕН ҰЛТЫН ДА СҮЙЕДІ»

ескен орта, алған тәрбие мен салт-дәстүр, ұлттық менталитет... Осының бәрі тоғысқанда ғана өнер адамы қалыптасады. Тектілік те, тәрбие де, табиғат берген дарын да білім арқылы жүйеленіп, шыңдалады. Сондықтан бұл үдерісте ешбір факторды бөліп-жаруға болмайды.

**– Сіздің ұлттық танымға, қазақылыққа бастаған азаматтық келбетіңіз жайлы ақпараттарға да қанықпыз.**

– Асылында, біздің ұрпақтың көргені де, салыстыратын дүниесі де өте көп. 1978 жылы Алматыға студент болып келдік. Сонда трамвайға мінеміз. Бір топ жастар болып ана тілімізде сөйлесіп тұрсақ, өзге ұлттың үлкендері ескерту жасайтын еді. «Бізге түсінікті тілде, орысша сөйлеңдер!» дейтін. Дүкенге барсаң да осы. Шүкір, ол дәуірден де өттік. Ауылдан шығып, қалаға келгенде осындай кемсітушілікпен бетпе-бет келгеннен кейін бе, бойымыздағы намыс оты тұтанып, қазақи қасиетіміз еселене түсті. Мұндай күйді біздің замандастарымыздың бәрі кешті. Көбі қазақ десе, ішкен асын жерге қоятын нағыз ұлтжанды азаматтар болып қалыптасты.

**– Кезінде Алматыда Алатау ауданын құру туралы бастама көтеріпсіз...**

– Иә, біз осы игі іске бір кісідей үлес қостық. 2007 жылы өзімді ұсынып, қалалық мәслихатқа депутат болып сайландым. 47 мың халқы бар округтің атынан бақ сынап, қалаға жаңадан қосылып жатқан елді мекендердің мұң-мұқтажын көтеруді басты мақсат еттім. Қалаға қосылған сол ауылдарда қордаланып қалған мәселе шаш-етектен еді. Не мектебі, не емханасы жоқ. Су мен жарық тапшы. Тіпті, су құдықтарына дейін жекеменшікке өтіп кеткен, көбі қараусыз. Осы заңсыздықтардың бәрін жою керек екенін, оған қаланың бюджеті жетпейтінін, сондықтан трансфер арқылы орталықтан қаржы тартып, халыққа жағдай

жасау қажеттігін алға тартып отырдым.

Мәслихат сессиясында бұл бастама қолдау тапты. Әкім орталықтан қаржы алудың жолдарын қарастырып, бұл аймақты өз алдына бөлек аудан қылғанда ғана мақсатты қаражат бөлінетінін түсінді. Осылайша үлкен жұмыс басталып кетті. Нәтижесінде 4 мыңнан астам үйді заңдастырып, газ бен су құбырларының үстіне заңсыз салынып кеткен 2 мыңға жуық баспананың мәселесін жүйеледік. Осылайша Алатау ауданы құрылды. Орталықтан қаржы бөлініп, инфрақұрылым күшейді. Шыны керек, біз өнер адамы болғандықтан, саяси процестердің қия-қатпарларын көп аңдай бермейміз ғой. Бірақ сол кездегі Ахметжан Есімов бауырымыздың еңбегін, жасаған жақсылығын айтпай кетпеске болмайды. Мұны ашып айтуды да азаматтық парызым деп санаймын.

**– Бүгінгі биіктен қарағанда, «ұлтыма қызмет ете алдым» деп ойлайсыз ба?**

– Ұлтыма қызмет ете алдым ба, жоқ па – оның бағасын уақыт пен халық береді. Бірақ сол жылдары Алатау ауданын ашуға қосқан үлесіміз ескерілді ме, мені қалалық Ішкі саясат басқармасын басқаруға шақырды. Ол кез діни экстремизмнің ушығып тұрған қиын кезеңі еді. Астанадағы Қуаныш Сұлтанов сынды ағаларымызға, депутаттарға мәселені жеткізе отырып, мектеп бағдарламасына «Дінтану» пәнін факультатив курсы ретінде енгізуге мұрындық болдық. Кейіннен Дін істері жөніндегі агенттік құрылды. Сол жылдары мұсылмандық атын жамылған, бірақ біздің дәстүрлі танымымызға жат ағымдардың жолы кесіліп, бір жүйеге түсті. Әлі де атқарар жұмыс көп. Негізі, экономика мен идеология қатар жүруі керек. Екі бағытты да бәсеңдетіп алуға болмайды.

**– Өнердің өзі өрені, биік талғамды қажет етері белгілі. Бұл салаға қалай келдіңіз?**

*Бірде телеспектакльде ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың рөлін сомдау бақыты бұйырды. Сол рөлде: «Өзің жасаған жақсылығың, өзің үшін істеген ісің жалғасын тауып, ұлтқа, көпшілікке, қоғамға пайдасын тигізсе ғана өміріңнің босқа өтпегені. Сенің қоғамға қосқан үлесің осы», – деген сарындағы терең мағыналы сөздер бар. Демек, адам баласы өз бақытын ұлттың бақытымен байланыстыруы керек дегені зой. Қаныш ағаның осы сөзі санамда шегеленіп, өмірлік кредома айналды.*

– Негізі, мен жас күнімде журналист болсам деп армандаған едім. Бірақ өмір өзенінің ағысы мені мүлдем басқа арнаға бұрды. 1978 жылы М.Әуезов театрының жанындағы студияға оқуға түсіп, белгілі режиссер Райымбек Сейтметовтің класынан тәлім алдым. Оқуды бітірген соң мені театрға алып қалды. Көп ұзамай әскер қатарына шақырылып, одан оралған соң, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясына түстім. Профессор Рәбиға Қаныбаева апамызға шәкірт болдық.

Оқуды аяқтаған жылдарымда театрда бос орын болмай, Қазақ радиосы мен телевизиясына диктор болып орналастым. Сол жылдары тікелей эфирде тараған «Қазақстан» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасын жүргіздім. Алайда, көңілім бәрібір театрға елеңдеп тұратын. Бір жылдан аса уақыт бойы түрлі конкурстарға қатыса жүріп, ақыры М.Әуезов театрына жұмысқа қабылдандым. Бірақ ол кез заманның да, ұжымның да өзгерген, нарықтың қыспағы басталған уақыты еді. Үй мәселесі секілді қиындықтармен бетпе-бет келді. Ұжым ішінде түсініспеушіліктер болып, рөл алу, репертуарға ілігу қиындады. Тіпті,

– Сахнада «Қыршаңқы қалжыңы» бар Калашниковтың басты рөлін, институт бітірген жылдары «Қозы Көрпеш – Баян сұлуда» Қодарды, «Көктөбедегі кездесуде» Иосифті, «Таң тыныштығының құшағында» старшинаны сомдадым. Ал киноға алғаш рет 1987 қадам бастым. Онда басты рөлді марқұм Сағи Әшімов ойнаған еді. Осындай ғажап адамдармен бірге әріптес болдық. Бүгінде есептеп қарасам, отызға жуық фильмге түсіппін.

Бірде телеспектакльде ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың рөлін сомдау бақыты бұйырды. Сол рөлде: «Өзіңе жасаған жақсылығың, өзің үшін істеген ісің жалғасын тауып, ұлтқа, көпшілікке, қоғамға пайдасын тигізсе ғана өміріңнің босқа өтпегені. Сенің қоғамға қосқан үлесің осы», – деген сарындағы терең мағыналы сөздер бар. Демек, адам баласы өз бақытын ұлттың бақытымен байланыстыруы керек дегені ғой. Қаныш ағаның осы сөзі санамда шегеленіп, өмірлік кредома айналды.

**– Ауған соғысы жылдарында «Қара майор» атанған аңыз адам Борис Керімбаевтың қоластында қызмет**

## «Өзіңнен баста!»

**Дүниежүзілік қоршаған орта күні мен Экология күні даясында Алматыдағы Оқушылар сарайында экологиялық мәдениетті насихаттауға бағытталған бірқатар танымдық іс-шара ұйымдастырылды. Жас қатысушылар «Эко-сағат» акциясына қатысып, ағаш отырғызу бастамасын қолдап, экологиялық форумдар мен интерактивті алаңдарда табиғатты қорғаудың маңызы туралы білімдерін толықтырды.**

Бағдарлама аясында ашық дәрістер, көрмелер, шеберлік сабақтары мен экологиялық сыныптар өтіп, балалар мен жасөспірімдер қоршаған ортаны қорғаудың заманауи тәсілдерімен танысты. Сондай-ақ, қатысушылар «Өзіңнен баста!» челленджіне қосылып, экологиялық жауапкершіліктің күнделікті өмірден басталатынын көрсетті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай бастамалар өскелең ұрпақтың табиғатқа жанашыр көзқарасын қалыптастырып, экологиялық сауаттылықты арттыруға ықпал етеді. Өйткені, таза ауа, мөлдір су мен жасыл желекті сақтау – тек экологтардың ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Таза табиғатқа деген қамқорлық бүгіннен басталса ғана, келер ұрпаққа қауіпсіз әрі көркейген орта қалдыруға болады.

Рая ЕСКЕНДІР.

## Мемлекеттік қызметте жасанды интеллектті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске пайдалану

2026 жыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланғаны ел дамуының жаңа стратегиялық бағытын айқындап отыр. Бұл шешімді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдап, ел үшін цифрлық трансформация мен озық технологияларды кеңінен енгізудің маңызды кезеңі болатынын атап өтті және цифрландыру мен жасанды интеллект барлық салаларды жүйелі түрде дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдар болып белгіленді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – мемлекеттік қызметтің тиімділігін, ашықтығын және қоғам сенімін арттырудың басты бағыттарының бірі. Осындай контексте жасанды интеллект мемлекеттік қызметте жемқорлық тәуекелдерін анықтаудың инновациялық құралы ретінде ерекше рөл атқара алады.

Жасанды интеллект – үлкен көлемдегі деректерді талдау, заң бұзу ықтималдығын бағалау және күмәнді үрдістерді автоматты түрде анықтау мүмкіндігіне ие технология. Мемлекеттік қызметтің ақпараттық жүйелерінде жасанды интеллектті қолдану бюджеттік қаржыларды игеру мен мониторингілеудің, мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асырудың және мемлекеттік қызмет көрсету сапасының барлық аспектілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған кешенді жүйені қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қазынашылық департаменті сияқты қаржылық бақылау саласында жасанды интеллектті енгізу қаржылық операцияларды автоматты түрде сараптау, аномалияларды анықтау, тіпті заң бұзу ықтималдығы жоғары сценарийлерді алдын ала болжау үшін қолданылуы мүмкін. Мұндай жүйелер адами фактордан туындайтын қателіктерді азайтып, қаржылық даулар мен түсініспеушіліктерді алдын ала анықтауға ықпал етеді.

Мемлекеттік сатып алулар саласында жасанды интеллект келісімшарт мәтіндерін, қатысушылар арасындағы ықтимал байланыстарды және бағалар динамикасын сараптай отырып, әділдік пен ашықтықты қамтамасыз ете алады. Бұл сатып алу процесінің барлық кезеңдеріне автоматты бақылауды енгізуге және сыбайлас жемқорлыққа жол бермейтін шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект негізіндегі жүйелер мемлекеттік қызметшілер мен кәсіпкерлер үшін тәуекелдерді бағалау, құқық бұзушылыққа бейімділікті талдау сияқты профилактикалық құралдар ретінде тиімді жұмыс істей алады.

Алайда, жасанды интеллектті мемлекеттік қызметте енгізу – тек технологияны қолдану ғана емес, сонымен бірге құқықтық, этикалық және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау. Жасанды интеллектті қолдану адам құқықтары мен жеке деректерді қорғау принциптерін құрметтеуді, алгоритмдердің әділ және тең негізде жұмыс істеуін қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұл бағыттағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және мемлекеттік қызметшілердің цифрлық сауаттылығын арттыру маңызды міндеттер болып қала береді.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметте жасанды интеллект технологияларын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске пайдалану – бұл заманауи басқарудың тиімді құралы ретінде қарастырылуы тиіс. Жасанды интеллектті жүйелі түрде қолдану мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттырып, қаржылық тәртіпті нығайтып, қоғам сенімінің өсуіне негіз болары сөзсіз.

Төлеби УБАЕВ,

Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаменті Түсімдер басқармасының бас маман-бас қазынашысы.

Мекенжайы: Алматы қ., Желтоқсан көшесі, 83.  
Эл.пошта: t.ubaev@minfin.gov.kz

### Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 14 мамырдағы №301 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 28 мамырдағы №225575 болып тіркелді.

2026 жылғы 14 мамырдағы ШЕШІМ №301

«Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №73 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. «Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №73 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1750 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Алматы қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларындағы:

2-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:  
«2. Әлеуметтік көмек ақшалай немесе заттай нысанда көрсетіледі және біржолғы және (немесе) мерзімді түрде (ай сайын, тоқсан сайын, жылына бір рет) Алматы қаласында тұрақты тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарға беріледі»;

3-тармақтың б) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:  
«б) ең төмен күнкөріс деңгейі – тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін ең төмен тұтыну қоржыны құнының шамасына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай табыс»;

3-тармақтың 12) және 15) тармақшалары алып тасталсын;

8-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:  
«8. Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіз болады:  
1) дүлей зілзала салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі;  
2) өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі;  
3) әлеуметтік мәні бар сырқатының болуы;  
4) республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысының болуы.

Дүлей зілзала немесе өрт салдарынан мүлікке зиян келгенде әлеуметтік көмек меншік иесінің тіркелген жеріне қарамастан зиян тиген мүлік орналасқан жер бойынша көрсетіледі.

Әлеуметтік көмек көрсету және (немесе) адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайын зерттеп-қарау үшін жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша көмек түрлерінің тізбесін жергілікті өкілді органдар бекітеді.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді органдар бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу негіздерінің тізбесін басшылыққа алады»;

12-тармақтың он үшінші азат жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:  
«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні: Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғасына қатысып, «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған тұлғалар – 400 (төрт жүз) мың теңге»;

13-тармақ алып тасталсын;

15-тармақтың екінші азат жолы алып тасталсын;

17, 17-1, 19-тармақтар алып тасталсын;

20-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:  
«20. Әлеуметтік көмек жыл сайын тағайындалады және тоқсан сайын 3,5 (үш бүтін оннан бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді, жан басына шаққандағы орташа табысы 3 (үш) ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын мынадай азаматтар санаттарына:

1) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнет жасына толған зейнеткерлерге (бұдан әрі – зейнет жасына толған зейнеткерлер);  
2) бүйрек қызметінің созылмалы жеткіліксіздігімен ауыратын бірінші топтағы мүгедектігі барларға көрсетіледі»;

22-тармақ алып тасталсын;

23-тармақтың бірінші азат жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:  
«23. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында (бұдан әрі – Алматы қаласының ЖИТС орталығы) диспансерлік есепте тұрған, АИТВ инфекциясы бар балаларға әлеуметтік көмек отбасының табысын есепке алмағанда жыл сайын ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 (екі) есе мөлшерінде ай сайынғы төлеммен тағайындалады»;

24-тармақтың 16), 30), 33) және 34) тармақшалары алып тасталсын;

27-тармақтың 3) тармақшасының бесінші азат жолы және 4) тармақшасы алып тасталсын;

45-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:  
«45. Әлеуметтік көмек мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) алушы қайтыс болған кезде;  
2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен кезде;  
3) алушы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарына тұруға жіберілген кезде;

4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің шындыққа сәйкес келмейтіні анықталған кезде;  
5) әлеуметтік көмек алуға негіздердің жойылғаны туралы мәліметтер анықталған кезде.

Осы тармақтың 3) тармақшасы осы Үлгілік қағидалардың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тағайындалған әлеуметтік көмек төлемдеріне қолданылмайды.

Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген мән-жайлар туындаған айдан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген мән-жайлар туындаған күннен бастап тоқтатылады».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы

мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИЕВ.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2026 жылғы 3 тамыз, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтумарлар, алқалар).  
Лоттар саны – 283 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.  
Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис mекенсе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 17 шілде, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.  
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.  
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2026 жылғы 3 тамыз, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтумарлар, алқалар).  
Лоттар саны – 528 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.  
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2026 жылдың 17 шілде, сағат 18.00-ге дейін.  
Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.  
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

Жоғары медициналық «Аяжан» колледжінің директоры Құлдарихан Құрымбаева және колледж ұжымы саналы ғұмырын болашақ медицина қызметкерлерін оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнаған әріптесіміз, колледж оқытушысы

Мира Уәлиқызы АТАҒАРОВАНЫҢ

дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен туған-туыстарына, жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –  
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ  
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:  
тел.: 248-60-08.

Бас директордың орынбасары –  
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА

Бас редактор – Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –  
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –  
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –  
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –  
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –  
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ  
тел.: 248-49-55. E-mail:  
rekalmatyagqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:  
rekalmatyagqparat@gmail.com  
тел.: тел.: 248-49-55.  
E-mail: 8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –  
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:  
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,  
Сейітқазы МАТАЕВ,  
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70  
телефоны арқылы сағат 9.00-ден  
18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:  
«Almaty Aqparat» ЖШС.  
E-mail:  
almatyagqparat@gmail.com  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.  
Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –  
Досбол АТАЖАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.  
Тіркеу туралы  
№ KZ51VPY00150334  
күәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты.  
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.  
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.  
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.  
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00  
Осеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ПРЕСС-ТУР



# ҚАЛДЫҚТАР ДА КӘДЕГЕ ЖАРАЙДЫ

**Жыл сайын 5 маусымда әлем жұртшылығы Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнін атап өтеді. Бұл күн экологиялық мәселелерге қоғам назарын аударуды көздейді. Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы БАҚ өкілдерін қаладағы қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу нысандарына бағытталған баспасөз турына шақырды.**

## Қайта өңделетін «қуат көзі»

Баспасөз турының алғашқы нысаны Қазақстан мен Орталық Азиядағы литий-ионды аккумуляторларды қайта өңдейтін алғашқы зауыт Technic Destroy ЖШС литий-ион батареяларын қайта өңдейтін кәсіпорын болды. Кәсіпорынның құрылғанына көп болмаса да, экологиялық ортаны қорғау бағытында ірі жобаларға бастамашы болып келеді. Дәл қазір мұнда 25 маман еңбек етіп жатыр. Олар пайдаланылған батареяларды қауіпсіз залалсыздандырудан бастап, одан бағалы материалдарды қайта өндіріп алуға дейінгі толық технологиялық процесті көрсетті. Кәсіпорынның техникалық директоры Фархаджан Юнусбаев зауыттың 2024 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқанын айтып, әртүрлі қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындардың жұмысымен таныстырды.

– Литий-ионды аккумуляторлар мен басқа да химиялық ток көздері дұрыс жойылмаған жағдайда қоршаған ортаға



айтарлықтай қауіп төндіруі әбден мүмкін. Қайта өңдеу арқылы біз қоршаған ортаны қорғап қана қоймай, литий, кобальт, марганец секілді өнеркәсіпте сұранысқа ие материалдарды қайта айналымға енгіземіз. Сол арқылы біз табиғатты сақтауға өз үлесімізді қосамыз, – деді.

## ТМД аймағындағы бірегей жоба

БАҚ өкілдері «Green Recycle» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қоқыс

сұрыптау кешенінде өндірістік желілердің жұмысымен, тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптаудың негізгі кезеңдерімен танысты. Бұл мекемеге қаланың 8 ауданынан шығарылған қоқыс қалдығы келіп түседі. Оны кәсіпорын жұмысшылары қайта сұрыптап, нәтижесінде өңдеуге жарамды материалдар іріктеліп, арнайы кәсіпорындарға жөнелтіліп отырады.

Бұл жоба ТМД көлемінде бірегей жоба саналады. Қазір онда 700-ге жуық адам еңбек етсе, олардың 600-і сұрыптаумен айналысады. Жұмысшылар 4 ауысыммен, тіпті жексенбі күндері де тоқтаусыз еңбек етеді. Кәсіпорын басшысы Сергей Колесниктің айтуынша, мұнда тәулігіне шамамен, 1200 тонна қалдық кіргізіледі. Бұл полигондарға жіберілетін қалдық көлемін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берген.

Пресс-тур барысында арнайы топ әртүрлі қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорынның жұмысымен жете танысты. Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы басшысының орынбасары Мадияр Көжекенов мұндай іс-шаралар тұрғындарға қалдықтарды қайта өңдеу жүйесінің жұмысын жақыннан көруге мүмкіндік беретінін атап өтті.

## Табиғаттың тазалығы – адамзат амандығы

БАҚ өкілдері баспасөз туры аясында экологиялық ағарту жұмыстарын жүргізетін



және қалдықтарды бөлек жинау мәдениетін дамытуға бағытталған бірінші Экохаб орталығында өткен «Эколог сағаты» акциясына қатысты. Ондағы өндірістік процестер мен қалдықтармен жұмыс істеудің заманауи технологияларымен танысты.

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай мұнда «Эколог сағаты» экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Мұнда келушілерге қайта өңделген материалдардан жасалған бұйымдардың көрмесі ұсынылды. Қалдықтарды бөлек жинау бойынша шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, мамандар кеңес берді. Сондай-ақ, күнделікті өмірде қолдануға болатын экологиялық дағдылар мен тұтыну қағида-дәттері түсіндірілді. Сондай-ақ, Экохаб мамандары қайта өңделген материалдардан жасалған бұйымдарды, оның ішінде жиһаз элементтері мен интерьер заттарын таныстырды.

– Экологиялық мәдениет білім мен жеке тәжірибе арқылы қалыптасады. Осындай іс-шаралар тұрғындарға қалдықтарды бөлек жинау қағидаларымен тәжірибе жүзінде танысуға мүмкіндік береді. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау дәл осындай қарапайым қадамдардан басталады, – деді Eco Network компаниясының операциялық директоры Хамза Сафаров.

Акцияға бір күн ішінде мыңға жуық адам қатысты. Айта кетейік, Экохаб – тұрғындардың экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған орталық. Мұнда тұрақты түрде тұрғындардың экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған білім беру іс-шаралары, шеберлік сабақтары мен түрлі акциялар өткізіліп тұрады. Осылайша арнайы баспасөз туры Экохабта аяқтады.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының мәліметінше, қалдықтарды қайта өңдеу жүйесін дамыту және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру қаланың экологиялық жағдайын жақсартудағы маңызды бағыттардың бірі болып қала береді.

## Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ, Айгүл КОЛУМБЕТОВА.

